

Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы Ақжігіт ауылы әкімінің 2021 жылғы 5 қазандағы № 14 шешімі

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 19-бабына, 69 бабының 4-тармағының 2-тармақшасына, Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы 35-бабы 1-тармағының б) тармақшасына және жер учаскелеріне құқық беру үшін жобалық жоспарына сәйкес ШЕШТІМ:

1. "P-2-P.KZ" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне Ақжігіт ауылынан инженерлік желі жүргізу үшін (талшықты-оптикалық байланыс желісі) ауданы 3,9291 гектар жер учаскесі 10 (он) жыл мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Ақжігіт ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

осы шешімді ресми жариялауға жіберуді;

Бейнеу ауданы әкімі аппаратының ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін;

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізілсін.

Ақжігіт ауылының әкімі

Ж.Салиев